

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Заттардың жиыны

ЖАРИЯЛАНДЫ
18.04.2019СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/55886/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Шығыс Қазақстан облысы. Семей қаласы. «№42 жанында интернаты бар жалпы орта білім беретін мектеп» КММ

Тәрбиеші: Советбекқызы Аманғайша

Тақырыбы: Әжеме көмектесемін. Заттардың жиыны. Мектеп/МҰ: №42 жанында интернаты бар жалпы орта білім беретін мектеп

Күні: Педагогтің аты-жөні: Советбекқызы Аманғайша

Мектепалды сынып Қатысушылардың саны: Қатыспағандардың саны:

Оқыту мақсаттары 0.2.2.1.Заттарды белгілі бір қасиеті бойынша жиынға біріктіру.

0.2.2.2.Жиын элементтерін атау.

Күтілетін нәтижелер Барлық тәрбиеленушілер:

-заттарды көрсетілген қасиеті бойынша топқа (жиынға) біріктіреді.

Көптеген тәрбиеленушілер:

-жиын элементтерін атайды және заттар қандай белгі бойынша топтастырылғанын көрсетеді.

Кейбір тәрбиеленушілер:

-берілген және/немесе өз бетінше таңдалған белгілер бойынша өз бетінше жиындарды жасайды.

Тілдік мақсаттар Дағдыларын дамыту:

-заттардың пішіні мен түсі туралы сөйлемдерді құрастыра алады.

Пәндік лексика және терминология:

-заттардың қасиеті, пішіні, өлшемі, түсі.

Пікір алмасуға арналған сұрақтар:

– Мына топтағы заттар несімен ортақ екенін түсіндір?

– Қандай зат (фигура) артық деп ойлайсың?

– Бұл топқа қандай заттарды (фигураларды) қосуға болады?

Жазу: суретті жиекте, сал, жалғастыр.

Алдыңғы білім Шеңбер, үшбұрыш, шаршы.

Негізгі түстер. Заттардың қасиеттері (пішін, көлем, түс, мақсат).

Жоспар

Жоспарланған уақыт Жоспарланған іс-әрекет Ресурстар

Басталуы 0–5 минут Ынталандыру.

Лексикалық тақырыпқа кірісу үшін педагог әжелер туралы, көбінесе олар үйде қандай жұмыстарды орындайтыны және балалар оларға қалай көмектесе алатыны туралы әңгіме жүргізеді.

Көбінесе пәтерді жинағанда заттарды орын-орнына қояды.

Өзектендіру.

Педагог сұрақтар қояды:

– Заттар қандай белгісі бойынша жиналған?

Түсіндіріңдер.

–Топтардың әрқайсысына тағы не қосуға болады?

Үлестірмелі

материалдар

Электронды жиынтық полотно, №34 кесте

Ортасы 6–15 Мақсат қою (проблемалық жағдай).

(Ұ) Жиынтық полотнода педагог заттар жиынын құрастырады. Мысалы, музыкалық аспаптар жиыны, киімнің жиыны.

(Ұ) – Заттарды қарап шығыңдар.

– Оларды қандай ортақ сөзбен атауға болады? (Музыкалық аспаптар).

–Мұқият қараңдар, екінші топтағы заттарды қалай атауға болады? (Киім) Барлығы дұрыс па ?

Балалар ойыншықты – асықты байқауы керек, ол киімге жатпайды.

– Бүгін біз заттарды белгілері бойынша іріктеп, артығын алып тастауды үйренеміз және оны бекітеміз.

Өздік жұмыс.

(Ұ) Әліпби-дәптердегі № 1 тапсырманы орындауды ұсынады. Карточкалардың әрқайсысындағы заттар жиынын атаңдар (дөңгелек заттар, текшелер, ойыншықтар).

Топтардың әрқайсысына тағы не қосуға болады? Балалар сызықтармен жалғап, өз нұсқаларын ұсынады. Жиынтық

полотно. №12

Әліппе-дәптер

16–25 Өткен материалмен жұмыс.

(Ж) Әліппе-дәптердегі 2-тапсырманы жұптасып жұмыс жасау ұсынылады.

Балалар топтағы заттарды бір сөзбен атап, осы топқа не жататынын түсіндірулері керек.

(Т) Әліппе-дәптердегі 3-тапсырманы балалар топқа бөлініп жұмыс жасай алады, әрбір топ бағандардың біреуін таңдайды және не салынуы керек екенін талқылап,

тапсырманы орындайды. Жиынтық полотнода жұмыс жасауды ұсынуға болады. Мысалы:

– Фигуралардың қайсысы артық?

Балалардың бір бөлігі – қызыл шарды, қалғаны – жасыл текшені атайды. Балаларға өздерінің таңдауын түсіндіруді ұсынады. Әрі қарай қорытынды жасайды: дұрыс жауап таңдалған белгіге – фигураның түсіне және пішініне байланысты. Әліппе-дәптер.

Жиынтық полотно

Рефлексия 26–30 Рефлексия.

Педагог қорытынды жасап, балаларды мадақтайды. Сабақтағы өз жұмысын «Сәттілік сатысы» арқылы бағалауды ұсынады.

Педагог түсіндіреді: егер қателіктер көп болса, төменгі сатыда көңілсіз смайликтің суретін салуға болады. Қателіктер аз болса, ортаңғы сатыда аузы түзу смайликті салуға болады. Қателіктер болмаса және бала барлығын жақсы түсінсе, жоғарғы сатыда күлімдеген смайликті салуға болады.

Әліппе-дәптер

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.